

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл гуманитарлық колледжі»

Студенттің ғылыми қоғамы туралы  
ЕРЕЖЕ

Петропавл қ.

Осы Ереже ҚР «Білім туралы» Заңы негізінде гуманитарлық колледж Жарғысына сәйкес әзірленді.

### **Жалпы ережелер**

Студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы танымдық қабілеттерін дамыту жолы арқылы тұлғаны өзіндік ұйымдастыру, өз білімін өзіндік құрай алуы, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білуі.

Студенттердің ғылыми қоғамы колледж студенттерінің танымдық және кәсіби деңгейлерін жоғарылату, ғылыми ізденіс қабілеттерін дамыту.

СҒЗЖ СҒҚ жетекшілік атқарады. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының жетекшісі – оқытушылар.

Оқу ыжылының басында өткізілетін ғылыми қоғам кеңесінің отырысында ғылыми қоғам Ережесі қарастырылады және қабылданады. Ғылыми қоғам кеңесінің отырысында, 5 адамнан құралған, әрбір секция құрамы, оның атауы, бір жылға жұмыс жоспары, эмблема және ұраны бекітіледі.

Оқу жылының басында әрбір секция өз презентациясын дайындайды. Студенттер өз мәселелерін ұсынып, оны шешу жолдары мен күтілетін нәтижені болжайды.

Жылына екі рет жалпы отырыс өткізеді.

Ғылыми қоғам кеңесінің отырысы – 2 айда 1 рет

Секция отырысы айына 1 рет өтеді.

Жылына 1 рет колледжде ғылыми-практикалық конференция өтеді.

### **2. Негізгі міндеттер**

1. Ғылыми қызығушылығына қарай студенттердің өзіндік білім алуы мен өзіндік даму қабілеттерін анықтау мен енгізу.

2. Білімін тереңдеу, кәсіби құзыреттілігін және эрудициясын кеңейту мақсатында студенттердің ғылыми-зерттеу қызметтерін ұйымдастыру.

3. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзін көшбасшылықта ұстау және ұжымда жұмыс істей білуі.

4. Қойылған мәселені шешу үшін студент дағдысын қалыптастыру.

5. Дискуссия өнерін меңгерту, аудиотрия алдында сөйлеуге баулу.

Ғылыми жетекші және оқытушы келесі мәселелерді шешу үшін көмек көрсетуі тиіс:

- оқу бағдарламасы шеңберінен тыс жақтан білімді меңгерту;
- ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдерін үйрету;
- Интернет, қосымша ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрету.

### **3. Ұйымдастыру құрылымы**

СҒЗЖ жетекшісі – ОӘЖ директорының орынбасары. Ғылыми қоғамның жетекшісі – СҒЗЖ оқытушыларының біреуі директор бұйрығымен бекітіледі.

Секция жетекшісі ЦӘК төрайымымен келісіп, СҒЗЖ жетекші оқытушыларының біреуі тағайындалады.

Ғылыми жұмыс жетекшісі – колледж оқытушысы.

### **4. Құқық**

Ғылыми қоғамға зерттеу және ізденіс жұмыстарына қызығушылық танытатын, әлеуметтік мәселені іске асыратын студент мүше бола алады.

Студент құқылы:

- Ғылыми-зерттеу, ізденіс және әлеуметтік-мәнді жұмыс (реферат, баяндама, хабарлама т.б.) орындау формасын таңдай алады;

- Оқытушылар мен ғылыми жетекшіден қажетті кеңес алуға құқылы;
  - Аталған облыста білімі бар оқытушылардан жұмыстың жазылуы туралы пікір алуға;
  - Колледждің ғылыми-зерттеу конференциясында жұмыс нәтижесін қорытындылап сөйлеуге;
  - Жоғары бағаланған өз жұмысымен облыстық ғылыми-конференцияға қатысуға;
  - Өз жұмысын студенттердің ғылыми жұмыс жинағына жариялауға;
- Студент міндетті:
- Өз секциясындағы ғылыми қоғам отырысына тұрақты, белсенді қатысуға;
  - Өз секциясындағы отырыстарда өз зерттеу бойынша аралық нәтижелерді хабарлау;
  - Ғылыми жұмыстың орындалу мерзімін сақтау;
  - Ғылыми жұмысты рәсімдеу талаптарын орындау;
  - Колледждің ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысу.

Студент ғылыми қоғамға мүше болып, бір секцияда жұмыс істейді, кеңес алады, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға сабақтарға барады.

Ғылыми қоғам кеңесі ғылыми жұмыс жетекшілерімен әрбір секцияның жұмыс жоспарын қарастырады және бекітеді. Директордың ОӘЖ бойынша орынбасары жоспарды бекітеді.

#### **5. Ғылыми қоғам жұмысының негізгі бағыттары:**

1. өзіндік ізденіс және тәжірибелі-экспериментальды қызмет;
2. ғылыми лаборатория;
3. оқу және әлеуметтік жоба;
4. проблемалық топтар;
5. үйірме, клубтар;
6. турнир, олимпиадалар.